



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 6 желтоқсан

Қазақстан Республикасының қаржы секторындағы ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдерге мониторинг жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бірқатар елдердің банктік жүйелері мен қаржы институттарына жасалуы мүмкін кибер шабуылдар туралы ақпараттың пайда болуына байланысты Қазақстан Республикасының қаржы секторындағы ақпараттық қауіпсіздікпен байланысты тәуекелдерге мониторинг жүргізіп жатқанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақпараттық қауіпсіздік саласында ұзақмерзімді жүйелік шараларды әзірлеу жұмысы және кредиттік-қаржы саласындағы компьютерлік шабуылдарға қарсы іс-қимыл шеңберінде шетелдік орталық банктермен және Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерімен ынтымақтастықта.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 330 24 97

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz